

А.З.Қазанбаева, Г.Қалыбекқызы

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail.gulnura_k_19@mail.ru)***Батырлар жырындағы этномәдени лексиканың танымдық сипаты**

Мақалада қазақ тіліндегі этномәдени лексиканың батырлар жырындағы қолданысы қарастырылған. Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылатындығы және ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыратын мәдени мұра болып саналатындығы сөз етілген. Этнолексикалық қолданыстардың мәтін ішіндегі көрінісі негізінде ұлт тіліндегі қызметі айқын көрінетіндігі айтылған. Батырлар жырынан алынған этномәдени лексика ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болатындығы нақты мысалдар арқылы берілген. Этномәдени лексика ұлттық-тарихи колорит жасауда таптырмайтын тілдік құрал болатындығы айқындалған.

Кілт сөздер: этнолингвистика, этномәдени лексика, лексика-семантикалық, ұлттық материалдық мәдениет, этноақпарат, рухани-мәдени қазына, эпостық жырлар, ұлттық сана, этимологиялық, сөздің этноқызметі.

Тіл, мәдениет, өркениет өзара бір-бірімен сабақтастықта әрі үйлесімділікте өмір сүретіні мәлім. Кез келген тілдің бірліктері сол ұлттың дүниетанымы, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігіне байланысты рухани және материалдық мәдениеті жөнінде мол мағлұмат береді. Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады және ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде мәңгі сақталады. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беретіні мәлім. Тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және қалыптасуындағы, дамуындағы лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл білімінің жанадан дамып келе жатқан саласы этнолингвистика болып табылады.

Ғалым Е.Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», — дейді [1].

Этнолингвистиканы арнайы зерттеген ғалым М.М.Копыленко: «Этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері айқындалады және жете зерттеледі», — деп анықтайды [2]. Ғалым Ж.А.Манкеева: «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол — мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) — этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде, ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы», — деген пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, тілдің бойындағы ұлттық сипатты айқындай түседі [3].

Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексикасы қарастырылып, лингвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында зерттелді.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалып ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі.

Этнолексикалық қолданыстар тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қарым-қатынастық ролі де айқын көрінеді. Этнолексика арқылы қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі көрініс беріп, этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әр түрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Қазақ тіліндегі этнолексика, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады.

Этнолексика, мәдени лексика жайлы құнды пікірлер ғалым Ж.А.Манкеева еңбектерінде қарастырылып, дәлелді тұжырымдар берілген. Ғалым этнолексикаға былайша баға береді: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені — ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар — қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [4]. Ғалымның пікірінде атап өтілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салалы болып келеді.

Батырлар жырында қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады. Батырлар жырында қолданылатын этноатаулардың ұлттық бояу жасаудың бірден-бір құралы, негізі болатындығына көз жеткізу үшін, батырлар жырынан алынған төмендегі үзінділерді келтіруге болады.

Қазақтың тұрмысынан хабардар ететін этнолексика үй-ішіндегі тұрмыстық заттарды атап қана қоймай, сол ұлттың өмірінен, тұрмысынан, тыныс-тіршілігінен толықтай түсінік беретініне көз жеткізуімізге болады.

Әкеңнің бір атасы Қоянжырық:

*Босаға, маңдайша мен табалдырық,
Кереге алты қанат, алтын уық,
Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.
«Төріңде, — сандық айтар, — төремін» деп,
Есік айтар: «Әр нәрсе көремін», — деп.
Асылып керегеге ішік толып,
Толғайып тұз баспақ тұр іші толып,
Мейманды үйге келген күтіп алып.
Құман тұр от басында келін болып,
Туырлық, үзік, белдеу, ши, дөдеге
Шалқалап түндік жатыр дәл төбеде.*

Жоғарыда берілген мысалдардан қазақ тұрмысының суреті бейнеленіп, санамыздан орын алады. *Босаға, маңдайша, табалдырық, алты қанат кереге, алтын уық, сандық, ішік, баспақ, құман, туырлық, үзік, белдеу, ши, дөдеге, түндік, түс киіз, әбдіре, қазан-аяқ* этнолексикалық қолданыстары ұлт тіліндегі айрықша мән беретін және қазақ тұрмысындағы ең негізгі әрі маңызды мәдениет бұйымдарының бірі болып табылатын киіз үйдің барлық құрама бөліктерін орынды берілгенін байқаймыз. Жалпы қазақ тұрмысында дайындалатын дәстүрлі бұйымдар ерекшелігіне қарай негізгі қолданған шикізаттары төрт түлік малдың жүні мен терісі, аң терілері, құстың мамығы және әр түрлі өсімдіктер болған. Тілдік жүйедегі қазақ қолөнеріне байланысты атауларды олардың экстралингвистикалық мәнділіктерімен тығыз байланыстыра отырып, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың тілдегі көрінісін, қалыптасу заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ қолөнеріне байланысты атаулардың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекше бір көрініс беретін саласы күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнер саласының жете дамығандығын байқаймыз. Қолөнер кәсібі әрбір ұлттың заттай және рухани мәдениетінің көрінісі болып табылады. Халықтық қолөнер — өзінің көркемдік

мән-мазмұнымен, бітім-болмысымен ғасырдан ғасырға сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын қазына. Қолөнер үлгілері тек эстетикалық объект ғана емес, сондай-ақ ұлт өмірінен хабар беретін этноақпараттық қазына екені мәлім. Бұл атаулар тек тілдік материал ғана емес, олар халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытатын ұлттық бояуы сіңген талғамдарын көрсететін ұлттық рухы екені белгілі.

Атап айтатын болсақ, ұлтымыздың тарихы, тұрмыс салты, ой-өрісі мен эстетикалық талғамдары тек оның рухани байлығы арқылы ғана емес, оның күнделікті тұрмыста қолданған құрал-жабдықтарынан, үй-жиһаздарынан, киім-кешектерінен, әшекей бұйымдарынан айқын көрініс береді. Тұрмыста қолданылатын қолөнер бұйымдары — тарихи-мәдени категория. Олар дәстүрлі мәдениеттің түрлі қабаттарын құрайды. Оның әр қабатында қоғамның әлеуметтік-тарихи, материалдық-экономикалық дамудың таңбалары қалып отырады. Күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындыларының тілдік қабатын анықтау, этноатаулардың жасалу жолдарын, тарихын, мағына-мазмұнын ашу маңызды мәселелердің бірі болып қалады. Ұмытыла бастаған осындай қолөнер бұйымдары эпостық жырларда кездесіп, түсініктеме беруді қажет етеді. Олардың кейбірі бүгінгі күні тілімізде қолданыстан шығып қалған.

Тіл мен мәдениет негізінде қалыптасқан қолөнерге байланысты туындаған этнолексика, этноатаулар белгілі бір уәжділігі бар сөзқолданыстар. Қазақ қолөнеріне байланысты туындаған атаулар сол ұлттың эстетикалық талғамының деңгейін, рухани танымының жетістігін және шығармашылық еңбегін әрі табиғатты игерудегі өмірлік тәжірибесін байқатады. Қолөнерге қатысты бұйым атаулары қазақ халқының тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік ролін айқындап ғана қоймайды, сонымен қатар олар ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде саналады. Этнолексика ұлттық-тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Бұндай қолданыстар ауыз әдебиетінде ғана емес, көркем шығармаларда да жиі кездесіп отырады. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінен мына төмендегі үзіндіні мысалға келтіруімізге болады.

«Күнікейге *камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан, Жұматайға күні* керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге *жаңа көрпе, жастыққа тыс, кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал* керек. Тұяқ: «*Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер*», — деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, *соғымы* тағы келеді. *Үш қанат* желкөз баспананың *туырлығы* жұлдыз-жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен *құрымға қой сүйкеніп*, лак секіріп, сиыр мүйіздеп, сау тамтығын тастамады. Бір жағынан, бозбаласы түскір іргенің сиқын кетіріп бітті: *шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау қалған жоқ*» [5].

Осы тектес мысалды батырлар жырынан көптеп кездестіруге болады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтіретін болсақ:

*Алтынды тоны жылт етіп,
Саулы інгендей ыңқылдап,
Күшігендей сұңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Буыны түсіп былқылдап,
Алтын қалпақ дулыға,
Шекесінде жарқылдап.*

Төменде тағы да мысал келтіре кететін болсақ, қазақ тұрмысына қатысты этноатаулар кездеседі.

*Қаланың аузын қандатып,
Көшенің аузын шаңдатып,
Қақпадан атын қарғытып,
Кіндіктен оғын сырғытып,
Туырлығын тоқым қып,
Керегесін отын қып,
Мал шығармай далаға,
Ел шығармай салаға.*

Қазақ тұрмысына қатысты этноатаулар *тон, дулыға, туырлық, тоқым, кереге* сөздері негізінде ұлт тұрмысы көрініс береді. Қазақтың тұрмысына қатысты атаулар арқылы ұлт тіліндегі ақпарат жеткізуші қолданыстар айқындала түседі.

*Арқан есіп, жүн түтіп,
Құрт қайнатып қазанда,
Қайғыменен қан жұтып,*

*Жүргенінде келерсің,
Қарындасың Бикешжан
Әбдәстесі жанында,
Пияласы қолында,
Белдемшесі белінде,
Қызылбастың елінде
Шай қайнатып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.*

Қазақ тұрмысына қатысты этноатаулар *арқан, жүн, құрт, әбдәсте, белдемше* сөздерінен ұлттық таным мен түсінікті, ұлттық болмысты байқаймыз. *Әбдәсте сөзі* — көне сөз, сулық, қол сұртетін орамал деген мағынаны береді.

Қазақ ұлтының тұрмысымен байланысты, рухани дүниесімен сабақтаса қалыптасқан этнолексика ұлт мәдениетінде ерекше қолданылып, тілдік деректер ретінде сақталады. Батырлар жырынан келтірілген үзінділер осының дәлелі бола алады.

Киім атаулары да ұлттық мәдениетті танытудың бірден-бір құралы болып табылады. Қазақ қоғамында киген киімдерінен олардың әлеуметтік ортасы да көрініс берген. Бұл мысалда да киіз үйдің кейбір бөліктері суреттеліп, ұлт тіліндегі орны айрықша көрінеді. Суреттеліп отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санасынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көрінетінінде.

«Қобыланды батыр» жырында кездесетін этнолексикаға тоқталатын болсақ, олардың қолданысынан ұлттық танымды анық байқаймыз.

*Отауды жығып көшірді,
Бурьылың құндақтап,
Биені тіркеп көшіне,
Асқар төбе бел еді,
Белден көшкен ел еді,
Көшті тартып келеді.*

Отау сөзін ғалымдар адамның тұрағының атауы ретінде қарап, көп жағдайда оны «от» сөзімен байланыстырады. Жоғарыдағы үзіндіде кездесетін *отау, көш* сөздері қазақ ұлтына тән этнолексика. Бұл қолданыстар ұлт мәдениетін, талғам-танымын көрсететін бірліктер болып табылады.

Қару-жарақ атаулары да ұлт мәдениетінен көрініс беретін ақпарат болып табылады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында қару-жарақ атаулары көп кездеседі.

*Үстіне сауыт кигізді
Жанына байлап болатты
Беліне садақ ілгізді.*

Жырдан мысал келтіретін болсақ, қару-жарақ атауларының біраз түрлері қамтылғанын байқаймыз.

*Қолына алып толғанып,
Қозы жауырын жебені
Ат үстінен ширеніп,
Сонда тұрып тартады.
Қарағай найза саптатты,
Алмас қылыш соқтырып,
Күміспен қынап шақтатты.
Беліне семсер іледі
Ақсауытын бөктеріп,
Нозай бөркін киеді.
Қылышпенен өлтірсем,
Қиқаладың дерсің сен
Найзаменен өлтірсем,
Миқаладың дерсің сен.
Садақпенен өлтірсем,
Қапыл қалдым дерсің сен,
Мылтықпенен мен атсам
Жазым қалдым дерсің сен.
Қанжарменен қармасты,
Семсерменен серместі
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып [6].*

Жоғарыда келтірілген мысалдан қару-жарақ атаулары: *жебе, найза, алмас қылыш, семсер, садақ, қанжар, мылтық атаулары* батырдың жауға шапқанда қолданатын негізгі қару түрлері болған. Этностың дәстүрлі мәдениетінде қару-жарақ атауларының алатын орны ерекше. Қару атаулары ұлттық мәдениеттің ерекше феномені болып табылады. Халықтың дәстүрлі түсінігінде қару-жарақ тек соғыс құралы ғана емес, қарудың барлық түрі этностың өмір сүру динамикасының айрылмас элементі болып табылады. Қару-жарақ атаулары түрлі тұрмыстық және әлеуметтік функциялары арқылы этностың өмір сүру процесін көрсетеді.

Қазақтың мәдениетіне қатысты тілдік атаулардың табиғаты «ұлт пен тіл біртұтас» қағидасына негізделіп ашыла түседі. Тілдің лексика-семантикалық жүйедегі қолданыстары ұлт мәдениетінің көзі ретінде айқындала түседі. Қазақтың күнделікті тұрмысында қолданылатын бұйымның не болмаса бір заттың атауы ұлттық сана мен ұлттық талғам сабақтастығының негізінде пайда болып, сол ұлттың болмысын аша түсетін интегралды туындының тілдегі бейнесі болып табылады. Сонымен, тілдегі бір заттың атауы белгілі бір затты білдіріп ғана қоймайды, ұлттың өзіне тән туындаған дүниетанымдық ерекшелігін байқатады. Халықтың жалпы рухани өмірін, талай ғасыр басынан өткен ата-салтын, әдет-ғұрпын, елдік қасиетін бейнелейтін ұлтқа қатысты байырғы этнолексикасы батырлар жырында жатса керек.

Сонымен, байқайтын болсақ, қазақ тілінің лексикасы қат-қабат, сарқылмас мол қазына болып табылады. Осы мол байлықтың ең негізгі қабаттарының бірі — этнографиялық лексика. Онда мағынасы күнгірттеніп қолданыстан шығып қалған, ұлтымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бейнелейтін және сонымен қатар әр түрлі кәсіпке байланысты қазіргі уақытта ұмыт бола бастаған атаулар, сөз тіркестері, оралымдар, сөйлемдер көптеп кездеседі. Тіліміздегі киіз үй бөлшектерінің, киім-кешек, қару-жарақ, қолөнер бұйымдары, саятшылыққа, зергерлікке, ұлттық тағамдарға және т.б. байланысты атауларда халқымыздың басынан өткен ұзақ өмірінің өрнегі жатыр десек те болады. Этнос тілін тану арқылы ұлттың танымы мен талғамы айқындала түседі. Қазақ дүниетанымындағы қалыптасқан ұғымдар оның рухани-мәдени мұрасынан көрініс береді.

Батырлар жырында қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын күрделі категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, кумулятивтік қызметі айрықша көрініс беретін ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыратын рухани, мәдени байлығымыздың негізгі көрсеткіші болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Жанпейісов Е.* Этнолингвистика // Ана тілі. — 1994. — № 3. — 4-б.
- 2 *Копыленко М.М.* Основы этнолингвистики. — Алматы: Дайк-Пресс, 1995. — С. 17.
- 3 *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. — Алматы: Арыс, 2008. — 15-б.
- 4 *Манкеева Ж.А.* Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері // Тіл тарихы және сөз табиғаты: Ғыл. мақалалар жин. — Алматы: Арыс, 1997. — 7-б.
- 5 *Аймауытов Ж.* Ақбілек (роман, повесть, әңгіме). — Астана: Ғылым, 1998. — 267-б.
- 6 Батырлар жыры: Екі томдық. — 1-т. — Алматы: Мектеп, 1977. — 365-б.

А.З.Казанбаева, Г.Калыбекқызы

Когнитивная характеристика этнокультурной лексики в героических эпосах

В статье рассмотрено употребление этнокультурной лексики казахского языка в героических эпосах. Авторами доказано, что язык, являясь основным ключевым показателем всего духовного и культурного богатства, переходит из поколения в поколение как культурное наследие народа. Проанализированы этнолексические употребления на материале текстов героических поэм. На конкретных примерах показано, что этнокультурная лексика является информационным источником истории народа и нации, языковым инструментом в создании национально-исторического колорита.

A.Z.Kazanbayeva, G.Kalybekkyzy

The cognitive characteristic of ethnocultural lexicon in the geroycheskikh eposes

In article the special use of ethnocultural lexicon of the Kazakh language in the geroycheskikh eposes is considered. By authors it is proved that language, being the main key indicator of all spiritual and cultural wealth, passes from generation into generation as cultural heritage of the people. The ethnolexical uses on material of texts the geroycheskikh of poems Anelizirutsya. On concrete examples show that the ethnocultural lexicon is information source of history of the people and the nation, the language tool in creation of national and historical color.

References

- 1 Zhanpeysov E. *Ana tili*, 1994, 3, p. 4.
- 2 Kopylenko M.M. *Fundamentals of ethnolinguistics*, Almaty: Daik-Press, 1995, p. 17.
- 3 Mankeeva Zh.A. *The informative the bases of ethnocultural names in the Kazakh language*, Almaty: Arys, 2008, p. 15.
- 4 Mankeeva Zh.A. *Features ethnos language History of language and nature of the word of scientific articles*, Almaty: Arys, 1997, p. 7.
- 5 Аймауытов Zh. *Akbilek (novel, story, short story)*, Astana: Gylym, 1998, p. 267.
- 6 *Heroic epic*, I, Almaty: Mektep, 1977, p. 365.